



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Елімізде «5 минут ішінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер» үлесі 90%-ға жеткізіледі



Үкіметте ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте Цифрлық трансформация, IT-саланы дамыту және киберқауіпсіздік тұжырымдамасының 2023-2029 жылдарға арналған жобасы қаралды, деп хабарлайды Egeмен.kz Үкіметтің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин тұжырымдаманы іске асыру 5 минут ішінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің үлесін 90%-ға дейін ұлғайтуға, мемлекеттік органдардың бизнес-процестерін толық цифрландыруға, 250 мыңнан астам біліктілігі жоғары IT-кадрларды даярлауға, IT-өнімдер мен қызметтер экспортының

көлемін \$1,5 млрд-қа дейін ұлғайтуға, сондай-ақ Astana Hub технопаркі аясында шамамен 1 трлн теңге инвестиция тартуға мүмкіндік беретінін баяндады.

«Жалпы жастар арасында IT-сала экономика, қаржы және құқықтанудан гөрі көбірек таңдалады. Жастардың көбі IT-инжинирингке және осы саланың басқа да бағыттарына барғысы келеді. Министрлік бұл үрдісті белсенді түрде қолдауы керек», деді Әлихан Смайылов.

Сонымен қатар кеңесте тұжырымдама аясында республикада өңірлік цифрлық хабты қалыптастыру, байланыс саласын одан әрі демонополизациялау, киберқауіпсіздікті кешенді нығайту және денсаулық сақтау, білім беру, азаматтық қауіпсіздік салаларында жасанды интеллектті дамыту үшін негіз құру жөніндегі шаралар іске асырылатыны атап өтілді.

Сонымен қатар азаматтар мен бизнесті жылдамдығы жоғары интернетпен (кемінде 100 Мбит/с), ал республикалық және негізгі облыстық жолдарды мобильді кең жолақты желілермен қамту бойынша жұмысты аяқтау жоспарланып отыр.



Мемлекет басшысы Жоғары сот кеңесінің төрағасын қабылдады

Мемлекет басшысы Жоғары сот кеңесінің төрағасы Денис Шиппті қабылдады, деп хабарлайды Egeмен.kz Ақордаға сілтеме жасап.

Президентке Жоғары сот кеңесінің 2022 жылы атқарған жұмыстарының қорытындысы, еліміздегі судьялар корпусының жай-күйі және оның тапсырмаларының іске асырылу барысы туралы мәлімет берілді.

Жоғары сот кеңесі төрағасының айтуынша, судьялар корпусының құрамын қайта жаңарту мақсатында қабылданған шаралардың нәтижесінде былтыр судьялық қызметке ұсынылған адамдардың саны сот жүйесінен кеткен судьялардың санынан асып түскен.

Мемлекет басшысының сот жүйесіне нақты сала мамандарын тарту жөнінде бер-

ген тапсырмасын орындау үшін алғаш рет жекелеген құқық салаларындағы заңгерлер арасында конкурс өткізілді. Конкурс жеңімпаздары аудандық деңгейді айналып өтіп, бірден облыстық соттың судьялары бола алады.

Бұдан бөлек, Президентке Кеңесті институционалды тұрғыда нығайтуға және оның құзыретіне соттардың кадрлық мәселелерін беруге, сондай-ақ судьялардың тәртіптік жауапкершілігі институтын жетілдіруге бағытталған жоспар туралы баяндалды. Сонымен қатар судьяларды іріктеу ісін жетілдіру және оның ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ету жұмыстары жалғасады.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы бірқатар нақты тапсырма беріп, сот жүйесіндегі реформаларды сапалы жүзеге асыру қажеттігін атап өтті.

Азаматтығын өзгерткен балаларға Ұлттық қордан ақша бөлінбейді

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров балалар қандай жағдайда Ұлттық қордан қаражат ала алмайтынын айтты, деп хабарлайды, Egeмен.kz.



Үкімет отырысы аясында Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров балалардың шоттарына түсетін ақшаға салық салу жоспарланбағанын мәлімдеді.

«Егер бала азаматтығын өзгертсе, ол бұл қаражатты алмайды. Ол басқа балаларға таратылады. Егер азамат тұрақты тұруға көшіп кетсе, бірақ өзінің азаматтығын 18 жасқа дейін сақтаса, онда бұл қаражатты ала алады», деп түсіндірді Әлібек Қуантыров.

«Egeмен Қазақстан» газетінен.

Үкімет мемлекеттік реттеу шараларын қатаңдатуы керек

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елорданы дамыту мәселелері жөніндегі кеңес отырысында тұрғын үй құрылысы саласындағы мәселелерге тоқталды, деп хабарлайды Egeмен.kz.

«Тұрғын үй құрылысы саласында көптеген мәселелер жинақталды. Инженерлік инфрақұрылымның жетіспеуіне байланысты әкімдік тұрғын үй құрылысының қарқынын біртіндеп төмендетуді ұсынады. Сонымен қатар елордада туу деңгейі жоғары, көші-қон ағыны артты. Құрылыс қарқыны төмендеген кезде 30 мыңға жуық адам жұмыссыз қалуы мүмкін. Мұндай проблемалар туындаған жоқ. Бірақ қаланың дамуын жүйелі жоспарлау қажет. Бұл мәселеде, екіншіше қарай, елеулі олқылықтар сезіледі», деді Президент.

Бұдан соң, ол елорданы қажетті инженерлік инфрақұрылыммен қамтама-



сыз ету туралы айтты.

«Барлық салынып жатқан нысандарда заманауи энергия үнемдеу технологияларын қолдану қажет. Төрт мыңға жуық үлескердің проблемасы күн тәртібінен түспей тұр. Заңнамалық базаның әлсіздігіне байланысты қалада жаңа проблемалық нысандар пайда болуы мүмкін», деді Мемлекет басшысы.

Осы ретте ол қазір Астанада рұқсат құжаттарынсыз 90-нан астам тұрғын үй ке-

шені салынып жатқанын айтып өтті. Құрылыс компаниялары аз ғана айыппұл төлейді. Олар азаматтардың қаражатын тартуды жалғастырып жатыр.

«Үкімет мемлекеттік реттеу шараларын қатаңдатуы керек. Құрылыс салушылардың заңнаманы айналып өту үшін үлескерлердің қаражатын тартуына жол бермеу керек. Бұл жұмысқа Қаржы мониторингі агенттігі қосылуы тиіс», деді Қ.Тоқаев.



ҰЛТТЫҚ ЖОБА БОЙЫНША 236 МҮГЕДЕКТИГІ БАР АЗАМАТ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛДЫ

2022 жылы кәсіпкерлікті дамытудың «2021-2025 жылдарға арналған Ұлттық жобасы» шеңберінде мүгедектігі бар 90 адамды жұмыспен қамту жоспарланып, 236 азаматтар жұмыспен қамтылды. Атап айтсақ, тұрақты жұмыс орындарына 82 адам, әлеуметтік жұмыс орнына 2 адам, жастар практикасына 4 адам, қоғамдық жұмыстарға 83 адам, бизнес бастау жобасы бойынша 43 адам, мемлекеттік грантқа 14 адам, қысқа мерзімді оқуға 4 адам, «Алғашқы жұмыс орны» жобасымен 1 адам, «Күміс жас» жобасымен 3 адам қамтылды. Ұлттық жоба аясында аудан көлемінде жалпы саны 2700 адамды жұмыспен қамту жоспарланса, 4440 орындалды. Бұл туралы аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, Қоғамдық Кеңес отырысында «Созақ ауданы әкімінің 2022 жылдың қорытынды есебінде» баяндады. Сондай-ақ өткен жылы аудан көлемінде атқарылған жұмыстар барысына тоқталып, алдағы жұмыс жоспарымен бөлісті.

Жиынды аудандық қоғамдық кеңес төрағасы М.Сапаров ашып, жүргізіп отырды.

Қоғамдық Кеңес отырысына аудан әкімдігінің тиісті бөлімдері және БАҚ өкілдері қатысты. Кеңес жұмысының отырысын бастауға толық кворум болды.

Сонымен қатар, жиында «Созақ ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» аудан әкімі аппаратының заң бөлімінің басшысы Т.Жұмбабаев баяндап, аудандық қоғамдық кеңестің 2023 жылдық жоспарын бекіту туралы Созақ ауданының қоғамдық кеңес төрағасы М.Сапаров хабарлады.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қоғамдық кеңес мүшелері аудан әкіміне бірқатар мәселелер төңірегінде өздерінің ой-пікірлерін білдірді. Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы тиісті бөлім, мекеме басшыларының қатысуымен түскен сауалдар мен ұсыныс-пікірлерге тиісінше жауап беріп, бірқатарын алдағы күнгі жұмыс жоспарына енгізіп, назарға алатынын айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Қоғамдық Кеңес қарар қабылдады.

Аудан басшысы Шу бойындағы халықпен кездесулер өткізді

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ҚР Президентінің 2022 жылғы «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығын іске асыру аясында Шу, Тасты ауылдық округтерінде болып, халықпен кездесті. Есептік кездесу жиынында аудан әкімі өткен жылы атқарылған жұмыстар жайында сөз етті.

- Шу ауылдық округінде алдыңғы кездесуде тұрғындар тарапынан көтерілген жарықтандыру мәселесі бойынша Тәукехан көшесіне жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, мал өлекселерін тастайтын «Беккери» шұңқырының жобалық-сметалық құжаттары әзірленіп, қаржысы қаралды. Жақын күндері құрылыс жұмыстары басталады. Бүгінгі таңда Шу ауылдық округінде алдыңғы кездесуде тұрғындар тарапынан көтерілген ұсыныс пікірлер толығымен орындалып, өткен жылы көптеген жұмыстар атқарылды. Бұл жылы да жоспарларымыз көп, өткен жылдан асыра орындамасак, кем қылмаймыз,- деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы осы жылы атқарылар біршама жұмыс жоспарымен бөлісті.

Аталған жиын Тасты ауыл



құжаттамалары дайындалуда. Жиында тұрғындар тарапынан ұсыныс-пікірлер айтылып, аудан басшысы көтерілген мәселелерді назарда ұстайтындығын айтты.

Аудан әкімінің кезекті есеп беру жиыны Қыземшек кенті мен Жуантөбе ауылында жалғасты. Аудан басшысы Мұхит Тұрысбеков Қыземшек кентінде болып, ондағы «Шолақорған-су» КММ мекемесіне қарасты орталықтан-дырылған жылу жүйесіндегі сыйық және қатты отынмен жанатын жылу қазандықтарының жай-күйін бақылады.

дарымен кездесу жиыны барысында аудан басшысы өткен жылы атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы міндеттерді баяндады. Өткен кездесулерде тұрғындар тарапынан көтерілген өзекті мәселелер кезек-кезеңімен шешіліп жатқанын, биылғы жылы Таңбалы тас көшесіне жарықтандыру жұмыстары жүргізілетінін айтты. Сонымен қатар, Қыземшек кенті дәрігерлік амбулаториясына анализ алатын арнайы лаборатория ашу және мал өлекселерін тастайтын «Беккери» шұңқырының құрылыс жұмыстарын бастау жоспарда екенін жеткізді. Жиында тұрғындар тарапынан әр сала бойынша қойылған өтініш-пікірлер тыңдалып, орындау үшін жауапты мекеме, бөлім басшыларына арнайы тапсырмалар жүктелді. Сондай-ақ, жеке тұлғаларға ҚР Ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Түркістан облысы бойынша департаментінің бұйрығына сәйкес ағымдағы жылғы бірінші ақпаннан бастап жылу тарифінің төмендегенін хабарлады.

Жуантөбе ауылдық округінде жалғасын тапқан жылында аудан әкімі атқарылған және алдағы уақытта атқарылар бірқатар жұмыстарды тілге тиек етті.

-Мен аудандағы ауыл округтер мен елді мекендерді жоспардан тыс та жиі аралап, жай-күйін бақылаудамын. Осы ауданның азаматы болғандықтан бұл ауылдағы атқарылу керекті өзекті мәселелер маған етене таныс. Шу бойындағы елді мекендер сұранысына орай Жуантөбе ауылдық емхана ғимаратына арнайы зертхана үшін 2 бөлме әзірленген, ағымдағы жылдың наурыз айына дейін анализ алатын лаборатория ашу жоспарлануда және жақын күнде жедел жәрдем көлігі берілетін болады. Сондай-ақ, Жуантөбе ауылдық клубының жылыту қазандығы мен еденіне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қаржысы қаралды,- деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Есептік жиындар соңында тұрғындар жеке мәселелері бойынша аудан басшысына жүгініп, оларға тиісті бөлім-мекемелер тарапынан заң аясында жауаптар берілді.

Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА 109 БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДЕ

Түркістан облысында қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында 109 біріңғай желісі іске қосылып, қызмет көрсетуде. Аталған жүйе коммуналдық-тұрмыстық мәселелерге өтініш білдіруге және әкімдік көрсететін мемлекеттік қызметтер жөнінде кеңес алуға мүмкіндік береді. Енді жарық, жылу, су, газ, жалпы тұрғын-үй коммуналдық жүйесіндегі ақау мен авариялық жағдайларда мекеме аралап, әуре сарсаңға түсудің қажеті жоқ.

Атап өтерлігі, 109 қызметі бұрын тек Түркістан мен Кентау қалаларында болған. Енді бұл жүйе бүкіл облысты қамтып отыр.

Байланыс орталығына ұялы және қалалық телефоннан қоңырау шалуға болады. Өтініштердің еш қайсысы жауапсыз қалмайды. Облыста алғаш рет жүзеге асып отырған жоба облыс әкімдігінің қолдауымен «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде іске асуда.

ЕСКЕ САЛАЙЫҚ! 109 – БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫНЫҢ INSTAGRAM (@turk.obl.109), WHATSAPP (87011313109), FACEBOOK (БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҚ) ПАРАҚШАЛАРЫ ЖӘНЕ «AIKEY-109» ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ ӨТІНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАЙДЫ.



округінде жалғасып, тұрғындарға өткен жылы атқарылған жұмыстар мен алға қойылған жоспарлар баяндалды. Атап айтар болсақ, Амангелді, Қазақстан көшелеріне 1,2 шақырым жаяу жүргіншілерге арналған аяқ жол салынып, Қазақстан көшесінен ауылдың кіре беріс аркасына дейін жарықтандыру жұмыстары жүргізіліп, Қылти елді мекенінен оқушыларды мектепке тасымалдауға «Катко» қазақ-француз бірлескен кәсіпорны демеушілігімен ағымдағы жылдың қаңтар айында газель автокөлігі берілді. Өткен жолғы жиында Тасты ауыл округінің тұрғындары Мәдениет үйі салынып берілсе деген талап тілектерін жеткізген болатын. Осыған орай ағымдағы жылы Тасты ауылынан 75 орындық мәдениет үйі салынатын болады. Бүгінде жобалық сметалық

Қаңтар айында ауа температурасының суықтығына байланысты, ең алдымен тұрғындарды сапалы жылумен қамту керектігін айтып, тиісті мамандарға бақылауда ұстауды тапсырды.

Айта кетейік, өткен аптада Қыземшек кентінде ауа температурасы -13 градусты көрсетсе, жылу қазандығынан



шыққан температураның баруы 70 градусты, қайтуы 50 градусты көрсетіп тұрған болатын. Қыземшек кентінің тұрғын-

шыққан температураның баруы 70 градусты, қайтуы 50 градусты көрсетіп тұрған болатын. Қыземшек кентінің тұрғын-

Созақ ауылдық округінің әкіміне үміткер Жұматайұлы Дауреннің сайлауалды бағдарламасы

Құрметті - Созақ ауылының тұрғындары!

Құрметті ауыл тұрғындары мен кандидаттар Алланың әрбір күні бәрімізге құт берекесін алып келсін. Мемлекетіміз көркейіп дамып жатқан шақта, өлімізді бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылуды мақсат еткен, аса жауапты кезеңде еңбек етіп жатырмыз. Бұл- әсіресе, мемлекеттік жергілікті басқару және өзін-өзі басқару саласында жаңаша жұмыс жасап, халықтың талап-тілектерімен мұқ-мұқтажын шешудегі қызметін жандандыра түсуді қажет етеді. Ал бүгін мен Созақ ауылы округі әкімі болуға мүмкіндік туып, өз ой пікірімді айтып, бағдарламды таныстыру мен үшін үлкен құрмет. Созақ ауыл округінің әлеуметтік экономикалық дамуына зор үлес қосу мүмкіндігі ашылып отыр.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Созақ ауылының тұрғындары маған сенім көрсетіп, ауыл әкімі қызметіне таңдаған жағдайда жергілікті қауымдастық мүшелерімен келісіп, бірлесіп отырып, әкім ретіндегі жұмысымын басты бағыттары төмендегіше таныс болыңыздар.

Әлеуметтік сала бойынша

1. Әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға, көпбалалы аналарға, осал топқа жататын және бала жасынан мүмкіндігі шектеулі жандардың мұқ-мұқтажына назар аударып әрбір жан-жақты қосыныстарын әр уақытта мұқият көңіл бөліп пікірімен санасып, олардың өтініштерін мүмкіндігінше оң шешілуіне ықпал жасаймын.
2. Атаулы әлеуметтік қолдау қажет ететін аз қамтамасыз етілген отбасын тұрақты назарда ұстау;
3. Жұмыссыз азаматтарды анықтап, олардың еңбекке қамтылуына жағдай жасау, шағын немесе орта кәсіппен айналысуына ықпал жасау, қоғамдық жұмыстарға тарту арқылы шешу және сонымен қатар тиісті мемлекеттік жәрдемақы алуына көмек көрсету;
4. Жалғыз басты қарттарға және еңбекке жарамсыз азаматтарға үйінде қызмет көрсетуді ұйымдастыру, бала жасынан мүгедек жандарға демеушілер арқылы қолдау көрсетуді жүзеге асыру;
5. Халықпен тығыз байланыста болуға және олардың талап-тілегін тыңдап, дер кезінде орындауға күш саламын.

Тұрғын үй, коммуналдық салалар, автомобиль жолдары. Елді мекендерді абаттандыру және көркейту көгалдандыру.

1. Ауылдық округтегі елді мекендеріміз негізгі көшелеріне көзен – көзенімен асфальт жол салуға, көше жарығын орнату, жаяу жүргіншілерге арналған аяқ жол салу және күтіп ұстауына кезең-кезеңімен жұмыс жасаймын;
2. Ауылдағы елді мекендерде жеке тұрғын үйлердің пайдаланып отырған жарықтары дауылды желде өшіп қалуының болдырмау мақсатында трансформаторларды бүгінгі таңда жаңартып, бағаналарын ауыстыруға және интернет желісін қалыптастыруға жағдайға келтіремін;
3. Келешекте газдандыру жұмыстарын жүргізуге дайындық үшін тұрғын үйлердің тізімін жасақтап құжаттануын, мекен-жай тіркелімінің реттелуін ұйымдастыру;
4. «Жасыл ел» бағдарламасы аясында ауылдық округ аймағына қарасты елді мекендердегі саябақтар мен аялеялар салып көркейту – көгалдандыру жұмыстарын қолға алу барысында жасыл желек көшеттерді егіп абаттандыруға ықпал жасаймын;

Ауылшаруашылық және кәсіпкерлік саласы бойынша

1. Созақ, Көктөбе, Ыбырай елді мекендерінің тұрғындарының ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланып жатқан жайылым және суғармалы жер учаскелерін тиімді пайдалану үшін шаруа қожалықтар, өндірістік кооперативпен, жауапкершілік шектеулі серіктестіктермен тығыз жұмыс жасау, олардың жұмысын ұйымдастыруға, қолдау көрсетуге жағдай жасап төменгі пайызбен берілетін несиені алуына бағыт-бағдар беріп, көмек көрсетуге жұмыс жасаймын. Соның ішінде «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан», «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасымен таныстырып шаруа қожалықтардың жұмыстарын жандандыруға жұмыс атқарамын;
2. Егістік алқаптарын жаңдандыру мақсатында каналдарының құрылысын жақсартып, сапалы болуына бақылау жасаймын. Аталған каналдар іске қосылып ауыл су берілгенде ауыл округіндегі суғармалы егістік жерлердің көлемін ұлғайтып, тиімді игерілуін ықпал жасаймын;
3. Ауылшаруашылық жерлердің тиімді пайдалануына, көлемінің артуына және игерілмеген жерлерді мақсатына сай пайдалануға ұсыныстар енгізіп сонымен қатар жер қатынастарын реттеуді жүзеге асыруға, шаруашылықпен айналысам деуші халыққа, оның ішінде жастарға үнемі қолдау көрсетіп отыру;
4. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, кәсіпкерлікпен айналысам деуші тұрғындарға бағыт беріп, қолдау көрсету;
5. Шаруа қожалықтарына арзандатылған жанар-жағар май, жеңілдетілген минералды тыңайтқыштар алуына көмек көрсету;
6. Шаруа қожалықтарына әлеуметтік жұмыс орындарын ашуға көмек көрсету;

Жастармен жұмыс

1. Жас мамандарды ауылға тарту мақсатында, «Дипломмен – ауылға» жобасының іске асуына мән беру;
2. Жұмыссыз, мамандығы жоқ жастарды кәсіптік оқумен қамтып жастарымызды мемлекетіміздің беріліп жатқан түрлі бағдарламаларын таныстырып қайтарымызды берілетін қаражат алуға үлесімді қосып жұмыссыз жастардың өзін-өзі жұмыспен қамтуға жұмыс жасаймын;
3. Әрбір жастың еңбек етуіне мүмкіндіктер беру, олардың қазіргі заманға сай озық технологиямен білім алуына жағдай жасауға ықпал ету;
4. Ауыл мәдениетін дамыту, материалдық – техникалық базасын көтеру арқылы жастардың өнер, спорт саласымен тиянақты айналысып, бос уақыттарын тиімді өткізуге, ұлттық мәдениетіміздің терең меңгеріп дамуына жағдай жасау.



Созақ ауылдық округінің әкіміне үміткер Аяпов Батырхан Қаныбекұлының сайлауалды бағдарламасы

Құрметті Созақ ауылдық округінің сайлаушылары!

«Қазақтың алтын бесігі саналатын ауылдарымыз өмір сүруге қолайлы мекенге айналу керек»
Ауылымыздың ертеңі қандай болатыны Сіз бен Бізге байланысты.

Сіздің даусыңыз – өз жақындарыңыз бен ауылдастарыңыздың бақытты және бақуатты өміріне қосқан үлесіңіз!

Сондықтан Сіздерді сайлау учаскесіне келіп дауыс беруге шақырамын.

Созақ ауылдық округінде Сіздермен бірлесіп төрт жыл қызмет атқардым. Осы уақытқа дейінгі жұмыс тәжірибемді ескере отырып, туған өлкемнің дамуына өз үлесімді қосу үшін алдағы сайлауға қатысуға бел будым.

Мен, Аяпов Батырхан Қаныбекұлы 1978 жылы 15 қыркүйекте Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылдық округінің Қақпансор елді мекенінде дүниеге келдім.

Қақпансор елді мекеніндегі Саттар Ерубаев атындағы 8 жылдық жалпы орта мектепте білім алып, 9-10 сыныптарды Түркістан қаласында А. Байтұрсынов атындағы мектепте бітірдім.

1997 жылы Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне оқуға түсіп, аталған университетті 2001 жылы заңгер мамандығы бойынша тәмамдадым.

19.04.2005-06.13.2008 жылдары Созақ аудандық сотының маман экспедитор, қылмыстық-әкімшілік істер бойынша сот хатшысы, сот приставы, кеңсе менгерушісінің міндетін атқарушы;

28.10.2013-18.03.2019 жылдары Созақ ауданының Созақ ауыл округі әкімі аппаратының бас маман заңгері;

19.03.2019 жылдан қазіргі таңға дейін Созақ ауданының Созақ ауылдық округінің әкімі қызметін атқарып келемін.

Отбасылымын.

Мені ауыл әкімі етіп сайласаңыздар:

- 2023-2024 жылы Созақ ауылдық округінен құрылысы басталып жатқан заманауи үлкен футбол алаңының құрылыс жұмыстарын бақылап, пайдалануға қабылдау;
- 2023-2024 жылы Ыбырай елді мекеніндегі құрылысы басталып жатқан Құрманғазы Сағырбайұлы атындағы 200 орындық мектеп құрылыс жұмыстарының өз денгейінде жүргізілуін қадағалау және аяқтау;
- 2023-2024 жылы Созақ ауылдық округі әкімі аппаратының әкімшілік ғимаратының құрылыс жұмыстарын ағымдағы жылы бастап, келер жылы пайдалануға қабылдау;
- Алдағы 4 жылдықта ауылдық округтегі қажеттілігіне қарай ауыл көшелерінің жолдарын жөндеу (асфальт) және жарықтандыруды 100 пайызға ретке келтіру;
- 2023 жылы Көктөбе, Ыбырай елді мекендеріне жарықтандыру жүйесін жүргізу;
- 2023-2025 жылы Өткелбаев көшесі бойынан ЖСҚ-ты дайындалған заманауи спорт кешенінің құрылысының басталуына барынша ықпал етуге және қабылдауға;
- 2023 жылы Шақырық елді мекенінде ауыл су жұмыстарына ЖСҚ дайындау;
- 2023 жылы Созақ елді мекенінде «Беккери» құрылысын ұйымдастыру;
- 2024-2025 жылы Өткелбаев, Асылбеков, Әуезов, Амангелді көшелеріне аяқ жолдар салу;
- 2023-2025 жылдары ауылдағы қажетті электр желілерін жаңарту жұмыстарын ұйымдастыруға ықпал ететін.

Мен бюджеттің шектеулі екенін түсінемін, барлық мәселелерді шешу мүмкін емес. Сондықтан қосымша қаржыландыру көздерін іздеу арқылы:

-Ауылдық округ жастарының бос уақытын тиімді пайдалану, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында жұмыстар жүргізуге;

-Ауыл ішіндегі мәселелерді дәстүрге айналған мерейтойлық кездесу ұйымдастыратын мектеп бітіруші түлектердің демеушілігімен шешу жұмыстарын жалғастыруға күшімді саламын.

-Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды ұтымды пайдалану арқылы халықтың табысын арттыру мақсатында 2,5 пайыздық несиені барынша қол жетімді етіп жаңа кәсіптер ашу, мал басын асылдандыру, ауыл шаруашылығы техникаларын жаңарту жұмыстарын ұйымдастыруға;

-«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы негізінде халықпен бірге болуға, ауыл тұрғындарымен бірлесіп отырып түрлі шараларды ұйымдастыруға;

-Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдап, жұмыссыздық деңгейін төмендетуге, әлеуметтік көмек көрсетуге;

Сайлауға келіңіз! Мен үшін дауыс беріңіз!

Аудан әкімі облыстық мәслихатпен келісілген кестесіне сәйкес, ағымдағы жылдың 26-27 қаңтар күндері Шу, Тасты, Жуантөбе ауылдарында және Қыземшек кентінде халықпен есепті кездесулер өткізді

Жалпы 4 ауылдық округтері мен кентте өткен жиындарға 540 адам қатысты. Олар негізінен жол, денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс саласы мәселелерін көтерді. Жиында ауыл тұрғындары менаудандық мекемелер, тиісті бөлім басшылары, құқық қорғау органдарының басшылары, БАҚ

өкілдері қатысты.

Жиын соңында аудан әкімі М.Тұрысбеков ішкі істер органдарының басшылық құрамымен, қоғамдық кеңес мүшелерімен, жергілікті зиялылармен бірлесіп, азаматтарды жеке қабылдаулар өткізді.

Жеке қабылдауда 5 адам болды. Олар: жұмыссыздық, тұрғын үй, жол салалары мәселелерін қозғады. Жеке қабылдау барысында: азаматтарға заңға сәйкестігісті жауаптар беріліп, проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілді.

Аудан әкімінің халықпен кездесу барысында көтерілген проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары

Қ/с	Проблемалық мәселелер	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4
1	Мал өлекселерін тастайтын Беккерей шұңқырының құрылыс жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру	Шу ауылдық округі Жыл ішінде	Қ.Оразов Е.Айдарбеков Ж.Борсабаев Д.Досымбеков
1	Тасты ауылындағы 75 орындық мәдениет үйінің құрылысы жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру	Тасты ауылдық округі Жыл ішінде	Қ.Оразов Е.Айдарбеков Ж.Борсабаев М.Ниязәліұлы М.Тлеулинов
1	Кенттің Таңбалы тас көшесіне көше жарықтандыруын жүргізу үшін қаржы қарастыру	Қыземшек кенті Жыл ішінде	Қ.Оразов Е.Айдарбеков, Ж.Борсабаев Е.Жұмабаев
1	Ауылдық мәдениет үйін ағымдағы жөндеуден өткізу үшін қаржы қарастыру	Жуантөбе ауылдық округі Жыл ішінде	Қ.Оразов, Е.Айдарбеков Ж.Борсабаев, М.Ниязәліұлы Д.Абраев



Бір жерде

КӨГЕРГЕН ДАРАҚ

**(Халық банкінің Еңбек ардагері
Самат Исабекұлы мерейлі 60 жаста)**

Мамандықтың бәрі жақсы, ең бастысы оны игере білу, игілікке пайдалануға жол ашу. Көпшілік үшін қиын мамандық саналатын қаржыгерлердің ең негізгі міндеттерінің бірі-мемлекеттің ақшасын дер кезінде жинап, тиімді пайдаланып, ел экономикасының дамуына жұмыс жасау болып табылады. Қаржы саласының қаншалықты маңызды екені айтпаса да түсінікті.

«Дарақ бір жерден көгереді» деген жақсы тәмсіл бар қазақта. Бұл сөздің мағынасына бүгінде бір салаға өмірінің еңбек жолын толықтай арнаған кез-келген маман иесін жатқызуға болады. Ауданымызда осындай азаматтың бірі, аудан халқына етене таныс жан Алшеров Самат Исабекұлын айтуға болады.

Алшеров Самат Исабекұлы – 1963 жылдың 2 ақпанында Оңтүстік Қазақстан облысы, Бәйдібек ауданы, Глинка ауылында дүниеге келген. Аталған ауылда 1970-1980 жылдар аралығында Ш.Уәлиханов атындағы орта мектепте білім алған. Шымкент гидрометеорологиялық техникумының бухгалтер мамандығын, Алматы Халық шаруашылығы институтын экономист-бухгалтер мамандығы және Шымкент қаласындағы ХГТУ-де педагогика және психология мамандығы бойынша білім алған.

1983-1987 жылдары Созақ аудандық мал

Самат Исабекұлы жұмыс бабымен 2009-2010 жылдары және 2021 жылдың шілде айының 15-ші жұлдызы мен қазан айының 15-ші жұлдызы аралығында Түркістан облысы, Бәйдібек ауданындағы №390300 Бәйдібек аудандық «Халық банк» басқармасының бастығы болып (ротациямен) қызмет атқарып, ауданға қайта оралды. Бүгінде Самат Исабекұлы аяулы жарымен бірге 4 ұлды өсіріп, жеткізіп, 2 келін түсіріп, 4 немеренің қызығын көріп отырған бақытты отбасы.

2016 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне-25 жыл» мерекелік медалімен, облыс әкімінің Құрмет грамотасымен, аудандық әкімшіліктің, мәслихаттың бірнеше алғыс хаты және құрмет грамоталарымен әр жылдары марапатталып отырған. «Халық банктің» Республикалық Бас Басқармасынан, облыстық филиалдан бірнеше мәрте Алғыс хат, «Халық банкінің» «Еңбек

ардагері» төсбелгісімен, Құрмет грамотасымен марапатталып, «Клиенттерге қызмет көрсету бойынша үздік қызметкер» атағын иеленген.

Мақаламызға арқау болып отырған Самат Исабекұлы ағымдағы жылы мерейлі 60 жасқа толып отыр. Ауданымызға талай жылдар бойы еңбегі сіңген арда азаматты мерейлі мерекесімен газет беттері арқылы құттықтауды жөн санадық.

Құрметті Самат Исабекұлы! Сізді 60 жасқа толған торқалы тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Осы таңда адам өмір жолының асқар биігі-алпыстың шыңына шығып отырған сізді, көпшілік ауданымыздың өсіп-өркендеуіне, әлеуметтік-экономикалық дамуына өзіндік үлесін қосып келе жатқан зиялы азамат ретінде таниды. Өмір жолында еңбексүйгіштік, белсенділікпен ерекшеленіп, нағыз азаматтық қасиеттерге ие тұлға ретінде қызметтің ең қызықты да қиын саласында атқарып отырған абырой-беделіңізді атап өтпей кетуге болмас.

Бұл жылдар сіздің қоғамдық және жемісті еңбегіңіздің нағыз кемеліне келген кезең болды деп білеміз. Елге деген сүйіспеншілік арқылы көптеген мамандар тәрбиелеп, өзіңіздің еңбек жолыңызда дарынды ұйымдастырушы және батыл басқарушы екен-



бордақылау бөлімшесінде аға бухгалтер, ал 1987 жылдың сәуір айынан бүгінгі таңға дейін Қазақстан Халық банк Акционерлік Қоғамының, Түркістан облыстық филиалына қарасты №391500 Созақ аудандық Халық банк басқармасында қарапайым кассирден бастап әр-түрлі лауазымдарды атқарып, 2000 жылдан бері аталған басқарманың бастығы қызметін абыроймен атқарып келеді.

Өздеріңіз күнделікті өмірде көріп жүрген аудандық «Халық банк» басқармасының ғимараты Самат Исабекұлының тікелей араласуымен салынған. Бүгінде бұл басқарманың ғимаратында банк қызметін пайдаланушылар мен басқарма қызметкерлері үшін барлық қолайлы жағдай жасалған.

дігіңізді көрсетіп келесіз. Қоғам игілігіне бағыттап отырған ерен еңбектеріңіздің еліміздің нығаюына өзіндік үлесі бар. Осынау игілікті істе қанатыңыз талмасын, қажыр-қайратыңыз қашанда арта бергей!

Адам баласының ұзақ өміріндегі бел-белестердің бәрі де елеулі саналса керек. Сөйтсе-дағы кемел жасы 60-тың орны мүлдем ерекше екені баршаға мәлім. Ағалық ардақты асудан асып, ақсақалдық мерейлі кезеңге көтерілер бұл шақтың тал түс аталуы бекер емес-ау. Өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілейміз! Шығар шыңдарыңыз әрқашанда биік болғай!

«Созақ үні»-ақпарат.

Жер жөніндегі комиссия жұмысын бастады



Өткен аптаның басында аудан әкімінің тапсырмасымен құрылған ауыл шаруашылығы жерлері мен су жөніндегі комиссия өзінің жұмысын бастады. Айта кету керек, былтырғы жылдың күзінде Шолаққорған ауыл әкімдігінің жанынан құрылған «Парасат» клубының мүшелерін аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы қабылдаған болатын. Қабылдауда біздің тарапымыздан Шолаққорған ауыл округі бойынша «Біресек» каналының бойындағы бірқатар шаруашылық жерлерін суды үнемдеу мақсатында және көкөніс пен бақша өнімдерінің көлемі мен сапасын арттыру үшін топырағы қайда құнарлы боп келетін Қарасуан жеріне көшіру. Игерілмей жатқандарын да мемлекетке қайтару, бұдан былайғы жерде «Біресек» каналының бойынан егістік мақсатта жер бермеу. Уақытында тамшылатып суару мақсатында егілген бірнеше жеміс бауларына да каналдың суын беруді тоқтатып, тек, жоңышқа егетін шаруаларға суды көктем мен күзде ғана беру жөнінде ұсыныс айтар едік. Себебі, былтырғы егіс науқаны кезінде жергілікті тұрғындар үшін маңызды дәнді-дақылдар мен көкөністерді және бау-бақша өнімдерін егіп, сатушы дикандарға өнімдеріне ең қажетті, шілде суы жетпей біраз дау болған еді. Осы ретте айтып өткен бұл комиссияның құрылуына да сол ұзақ жылдар бойғы су менен жер дауына нүкте қою жөніндегі билік пен бұқараның ортақ шешімі себеп болды. Ал енді сәл арыдан бастасақ, былтырғы жылдың шілде уақытында жоғарыда айтқанымдай егістікпен айналысатын шаруаларға су жетіспей бір-бірімен біраз сөзге келісіп қалған болатын. Нәтижесінде, Қарасуан жеріндегі шаруалардың жай-кәйіне қалай түріп барған аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Қ.Мейірманов пен мамандары шынында шаруаның көктемде егіп, жаздай суын беріп, отын жұлған көкөністері мен бақша өнімдері деген жеміс беретін кезінде шөлден қысылып тұрғанын көзбен көріп қайтады. Осыдан соң ауыл әкімімен, «Атамекен» КП-мен «Қазсуар» ӨК-нің аудандағы бөлімшесінің басшысы мен су мамандарымен және «Парасат» клубының мүшелерімен бөліскен соң, уақытша жұмысшы топ шығарып, сонау «Біресек» каналына құятын Көкбұлақ өзенінің басынан бастап Қарасуан жеріне дейін жүріп өткен болатынбыз. Мақсатымыз осы екі аралықта отырған шаруаның жайын білу, жер менен судың дауына апарып отырған мәселелерді май шаммен қарау және болашақта осындай дау-

лардың болмауы үшін нақты ұсыныстар айту еді. Сонымен, барып-көріп, бәрін зерделеген уақытта жұмысшы топ нақты ұсыныстарымызды қағазға түсіріп аудан әкімінің қабылдауына кірген болатынбыз. Қабылдауға аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлынан бөлек, орынбасары Ақәділ Сатыбалды және осы салаға қатысы бар деген Шолаққорған ауыл әкімі Әділ Елібаев пен бөлім және мекеме басшылары, сондай-ақ, «Парасат» клубының бірнеше мүшелері қатысты. Бұл басқосуды аман-саулықпен бастаған аудан басшысы қағаз бетіне түскен уақытта топтың ұсынысына әбден қаныққандықтан бірден жұмысшы топтың құрамында болған азамат-азаматшаларды тыңдауға кірісіп кетті. Не керек, қағазға түсіріп алдын-ала берген ұсынысымызды кеңінен түсіндіру «Парасат» клубының төрағасы ретінде менің еншіме тиді. Әрине, бұл мәселеде жанында жұмысшы топта бірге болған бөлім және мекеме басшылары мен мамандарының да қосқан үлесі зор болды. Нәтижесінде, аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков біздің ұсынысымызды орында деп тауып, тіпті, кейбір тұстары бойынша өз ұсыныстарын енгізді. Сөйтіп, өзінің орынбасары Ақәділ Болатұлы мен бірқатар бөлім басшыларына осы мәселеге қатысты арнайы, тұрақты комиссия құруға және түйткілді түйінді түпкілікті шешуге тапсырма берді. Дегенмен, арада елімізде Референдум, Президент сайлауы өтуіне және ауданымызда төтенше жағдай орын алуына байланысты комиссияның жұмысы тек Қаңтардың 22 күні ғана басталды. Аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залындағы тұрақты комиссияның алғашқы отырысына төрағасы Ақәділ Сатыбалды мен мүшелері: Шолаққорған ауылының әкімі Әділ Елібаев, аудандық Жер Қатынастары бөлімінің басшысы Бауыржан Әбенұлы, кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Қайырбек Мейірманов, «Атамекен» КП-ның ауданымыздағы филиалының директоры Арман Анарбаев, «Қазсуар» ӨК-нің Созақ ауданындағы бөлімшесінің басшысы Қанат Тастыбаев бірқатар мамандарымен және «Парасат» клубының төрағасы Данияр Бек пен мүшелері: Шалмұханбетов Мұсір мен Бекпенбетова Ұмсынай қатысты. Комиссия өзінің алдағы атқарар жұмыстарын нақты жоғарыдағы дағы жұмысқа кірісіп кетті. Алдағы уақытта комиссияның жұмысы жайлы аудандық «Созақ үні» газеті мен әлеуметтік желілерде жариялап отыратын боламыз!

Данияр БЕК.

Түркістан облысы Созақ ауданы әкімі ШЕШІМ**2023 жылғы 2 ақпан №7**

Шолақорған ауылы

Созақ ауданы әкімінің 2021 жылғы 16 шілдедегі № 19 «Созақ ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы**ШЕШІМ:**

1. Созақ ауданы әкімінің 2021 жылғы 16 шілдедегі № 19 «Созақ ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23600 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Түркістан облысы Созақ ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Созақ ауданының әкімі М.Турысбеков**«КЕЛІСІЛДІ»**Созақ аудандық
сайлау комиссиясы

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 02.02.2023
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 6236-13 болып енгізілді

Результаты согласования

Акимаат Туркестанской области - руководитель юридического
отдела Тилеубай Тажиметович Жумабаев, 02.02.2023 15:37:57,
ЭЦК тексерудің оң нәтижесі

Департамент юстиции Туркестанской области - Руководитель
отдела Марат Аденович Ахтанов, 02.02.2023 16:18:02, ЭЦК тек-
серудің оң нәтижесі

Результаты подписания

«Созақ ауданы әкімі аппараты» ММ - Созақ ауданының әкімі
М.Турысбеков, 02.02.2023 17:31:22, ЭЦК тексерудің оң нәтижесі

Түркістан облысы
Созақ ауданы әкімінің
2023 жылғы 2 ақпандағы
№ 7 шешіміне 1 қосымша

Созақ ауданы әкімінің
2021 жылғы 16 шілдедегі
№ 19 шешіміне 1 қосымша

**Түркістан облысы Созақ ауданының
сайлау учаскелері****№ 687 сайлау учаскесі.**

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолақорған ауылдық округі, Абай елді мекені, Абай көшесі №14А, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Иманов атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Абай елді мекені.

№ 688 сайлау учаскесі.

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолақорған ауылдық округі, Балдысу елді мекені, Балдысу көшесі №56, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Жамбыл атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Балдысу елді мекені.

№ 689 сайлау учаскесі.

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолақорған ауылдық округі, Қарабұлақ елді мекені, Қарабұлақ көшесі №21А, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Қарабұлақ шағын жинақты бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Қарабұлақ елді мекені.

№ 690 сайлау учаскесі.

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолақорған ауылдық округі, Шолақорған елді мекені, С.Қожанов көшесі №1А, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Жеткеншек елді мекені.

№ 691 сайлау учаскесі.

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолақорған ауылдық округі, Шолақорған елді мекені, Жібек жолы-2 көшесі №72, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Шолақорған елді мекенінің, А.Жынысбаев, Н.Төреқұлов, Ү.Тастанов, С.Сиязбеков,

Жібек жолы-2, М.Әуезов, С.Әбуов, М.Төлебаев, Т.Сүннетов, Т.Тоқбергенов, Б.Момышұлы, С.Мұханов, Ә.Оспанов, Б.Тастыбаев, Өркениет, Бірлік, Ақниет, Достық, Ынтымақ, №10, №12, №14, №23 көшелері және Ұзынбұлақ, Қарасуан, Қызыләскер, Жаманай, Шабыр, Қоянбұлақ, Төбекұдық мал жайылымдары.

№ 692 сайлау учаскесі.

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолақорған ауылдық округі, Шолақорған елді мекені, Ә.Молдағұлова көшесі №59, Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Созақ аудандық №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Шолақорған елді мекенінің Ә.Молдағұлова-2, Ш.Бекжанұлы-2, Ж.Қаламбаев, А.Спатаев, Ә.Жангелдин, Сұлтанбекхан, А.Аманжолов, кіші Балдысу, А.Рахышұлы, Жамбыл, С.Қожанов көшелері (Ш.Қалдаяқов көшесінен А.Рахышұлына дейінгі бөлігі).

№ 693 сайлау учаскесі.

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолақорған ауылдық округі, Шолақорған елді мекені, Абылай хан көшесі №3, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Шолақорған елді мекенінің, Абылайхан, Қазыбек би, А.Байтұрсынов, Жайшыбеков, М.Мәметова, Төле би, Қ.Сәтпаев, Ш.Қалдаяқов, Теріскей, Б.Ахметов, Ш.Оқшиев, Желтоқсан, Д.Қонаев, №21, Тәуелсіздік, Бәйтерек, Алматы, Түркістан, Атамекен, Ордабасы көшелері, Ә.Молдағұлова-1, Ш.Бекжанұлы-1 көшелерінің Созақ ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне дейінгі бөлігі, Ақшам ықшамауданы.

№ 694 сайлау учаскесі.

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолақорған ауылдық округі, Шолақорған елді мекені, Жібек жолы-1 көшесі №5, Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мыңжылқы» мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ғимараты.

Шекаралары: Шолақорған елді мекенінің, Әйтеке би, Ж.Меймандосов, Абай, Т.Аймұрзаев, Ы.Алтынсарин, Т.Әубәкіров, Жібек жолы-1, Қ.Рүстемов, С.Қожанов (Ш.Қалдаяқов көшесіне дейінгі бөлігі), Т.Насиров, А.Асқанбеков, Бастау көшелері.

№ 695 сайлау учаскесі.

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Жартытөбе ауылдық округі, Жартытөбе елді мекені, С.Сейфуллин көшесі №72, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Қ.Кемелұлы атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Жартытөбе елді мекенінің, Ш.Ақымұлы, А.Иманқұлұлы, Т.Әлімқұлов, Шойынбет би, Б.Төлебаев, С.Сейфуллин, Комсомол көшелері, құм өңірінің мал жайылымдары.

№ 696 сайлау учаскесі.

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Жартытөбе ауылдық округі, Аққолтық елді мекені, Қ.Арқабаев көшесі №27А, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Ш.Уалиханов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Қ.Әлібиев, Қ.Арқабаев, Қ.Кемелұлы көшелері және Аққолтық елді мекенінің аумағындағы жайылымдары.

№ 697 сайлау учаскесі.

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Жартытөбе ауылдық округі, Бабата елді мекені, А.Сайлаубекұлы көшесі №5/4, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «М.Мәметова атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: №4, А.Сайлаубекұлы, Б.Есжанұлы көшелері, Таскөмірсай мал жайылымы және Бабата елді мекенінің аумағындағы жайылымдары.

№ 698 сайлау учаскесі.

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Құмкент ауылдық округі, Құмкент елді мекені, К.Берденұлы көшесі нөмірсіз, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Қ.Сәтпаев атындағы мектеп гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Құмкент елді мекенінің, Абай, Құмкент, К.Берденұлы, Ж.Есіркепұлы, Жамбыл, Жылыбұлақ көшелері және мал жайылымдары.

№ 699 сайлау учаскесі.

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Құмкент ауылдық округі, Қызылкөл елді мекені, Ш.Уалиханов көшесі №18, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Әуезов атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Қызылкөл елді мекені.

№ 700 сайлау учаскесі.

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Құмкент ауылдық округі, Құмкент елді мекені, Жылыбұлақ көшесі нөмірсіз, Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Созақ ау-

дандық №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Құмкент елді мекенінің, Тасарық, Амангелді, Қызылқанат көшелері.

№ 701 сайлау учаскесі.

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Сызған ауылдық округі, Қозмолдақ елді мекені, Т.Момбеков көшесі №21, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Ф.Мұратбаев атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Қозмолдақ елді мекені, Қ.Тоқмұхамедов, Т.Төреханов, Ж.Дәуітбаев, М.Берістемов, Т.Қойбаев, Т.Момбеков, Қ.Рүстемов, Басбұлақ-1, Басбұлақ-2 көшелері және құм тау бөктеріндегі мал жайылымдары.

№ 702 сайлау учаскесі.

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Сызған ауылдық округі, Сызған елді мекені, Мектеп көшесі №9А, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Қ.Рүстемов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Сызған елді мекені, Е.Алдасүгірұлы, Мектеп, Тастақ, Кәріағаш көшелері және құм тау бөктеріндегі мал жайылымдары.

№ 703 сайлау учаскесі.

